

Қазақстан Республикасы Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің Статистикалық зерттеулер институты мен Қазақстан Республикасы Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің Республикалық салааралық есептеу, статистика, еңбек және жұмыспен қамту кадрларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру институтын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 31 қаңтар N 128

Экономиканы статистикалық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру және нарықтық қайта құруларды ескере отырып статистика, еңбек және жұмыспен қамту қызметтері кадрларын қайта даярлауды және олардың біліктілігін көтерудің тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің Статистикалық зерттеулер институты мен Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің Республикалық салааралық есептеу, статистика, еңбек және жұмыспен қамту кадрларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру институты оларды Қазақстан Республикасы Ұлттық статистикалық агенттігінің Статистикалық зерттеулер және кадрлардың біліктілігін арттыру институтына қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

Жаңадан құрылатын институттың қызметі толықтай шаруашылық есепте және өзін-өзі қаржыландырумен ұйымдастырылады.

Институт белгіленген тізбеге сәйкес мемлекеттік атқарушы органдарға ақпараттарды тегін ұсынады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі Статистикалық зерттеулер және кадрлардың біліктілігін арттыру институтының қызметі:

мемлекеттік статистиканың ғылыми, әдістемелік, жобалау-технологиялық және практикалық проблемаларын әзірлеуге;

республикадағы экономикалық және әлеуметтік ахуалдарға маркетингтік статистикалық зерттеулер мен тексерулер жүргізуге;

мемлекеттік органдардың республиканың экономикалық және әлеуметтік дамуы мәселелері жөніндегі шешімдерін ақпараттық, статистикалық және талдамалық қамтамасыз етуге;

мемлекеттік органдардың, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында мемлекеттік статистика органдарына қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды әзірлеу және енгізу

жолымен республикалық ақпараттық жүйені жетілдіруге;

халықаралық статистикалық стандарттарды қоса алғанда шет елдік статистикалық ғылымның жетістіктерін, халықаралық жіктеу жүйесін, ақпараттарды жинау, өңдеу және беру процестерін автоматтандырудың бағдарламалық технологиялық құралдарын практикаға енгізуге;

статистика, есептеу мен аудит, еңбек пен жұмыспен қамту жөніндегі кадрларды қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталатын болады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасы Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің Статистикалық зерттеулер институты мен Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің Республикалық салааралық есептеу, статистика, еңбек және жұмыспен қамту кадрларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру институтын қайта ұйымдастыру жөнінде жұмыс жүргізсін;

Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі Статистикалық зерттеулер және кадрлардың біліктілігін арттыру институтының басшысын тағайындасын;

Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі Статистикалық зерттеулер және кадрлардың біліктілігін арттыру институтының Жарғысын бекітсін және оны тіркесін, басқа да ұйымдастыру мәселелерін шешетін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің Статистикалық зерттеулер институты мен Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің Республикалық салааралық есептеу, статистика, еңбек және жұмыспен қамту кадрларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру институтының мүлкін жедел басқару құқымен Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігінің Статистикалық зерттеулер және кадрлардың біліктілігін арттыру институтына берсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

